**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер, толықтырулар енгізу және күші жойылған деп тану туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 сәуір N 520. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2369 K952369_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне қоса беріліп отырған өзгертулер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосымшаға сәйкес кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 29 сәуірдегі
N 520 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар

1. <*>

Ескерту. 1-ші тармақ күшін жойған - ҚРҮ-нің 1996.11.14. N 1385 қаулысымен. P961385_

2. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.10.03. N 1412 қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 1225 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі туралы ережеде (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1993 ж., N 47, 576-құжат):

6-тармақ мынадай мазмұндағы "щ)" тармақшасымен толықтырылсын:

"щ) кеден ісінің міндеттерін шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен "Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес өзара іс-қимыл жасайды".

4. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. P970851_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 29 сәуірдегі
N 520 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің
Тізбесі

1. "Қазақстан Республикасындағы өткізу пункттері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қазандағы N 906 қаулысының 4, 5, 6, 7-тармақтары.

2. "Қазақстан Республикасында кедендік бақылауды онан әрі ұйымдастыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 желтоқсандағы N 1097 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., N 50, 724-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас кеден басқармасының орталық аппаратының штат санын көбейту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 2 ақпандағы N 131 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің толлингтік операциялар жүргізу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 қыркүйектегі N 1055 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1994 ж., N 39, 430-құжат).

5. "Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің толлингтік операциялар жүргізу тәртібі туралы ережеге өзгертулер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 мамырдағы N 625 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 188-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК